

«Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ

«БЕКІТЕМІН»

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе
өңірлік университетінің
Басқарма төрағасы-Ректор
Л.Ч.Карабасова

«___» _____ 2025 ж.

**ҮШТІЛДІ БІЛІМ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН
ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ
(БАКАЛАВРИАТ)**

Қызмет бабында пайдалануға арналған басылым

Ақтөбе, 2025 ж.

ӘЗІРЛЕНДІ

Академиялық сапаны арттыру

департаментінің директоры _____ А.К. Байсарина

БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ

Ғылыми кеңес шешімі негізінде Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректорымен (2025 жылғы «01» 07 № 12 хаттама)

ЖАРАМДЫЛЫҚ МЕРЗІМІ: жаңасын ауыстырғанға дейін

ЕНГІЗІЛДІ: 3.0 нұсқаның орнына

Осы Ереже Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректорының ресми рұқсатынсыз басылым ретінде толық немесе ішінара көшірілмейді, көбейтілмейді және таратылмайды.

Осы Ереже Қ. Жұбанов атындағы АӨУ Басқарма Төрағасы-Ректорының ресми рұқсатымен үшінші тұлғаларға берілуі мүмкін.

1 ҚОЛДАНУ АЯСЫ

1.1 Осы Ереже университетте үштілді білім беру бағдарламаларын жасақтау және оны жүзеге асыру талаптарын анықтайды.

1.2 Осы Ереже университеттің білім алушылары мен жауапты құрылымдары үшін орындауға міндетті болып табылады.

2 НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР

2.1 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.

2.2 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы».

2.3 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы».

2.4 Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы».

2.5 Қ. Жұбанов атындағы АӨУ-нің ішкі нормативтік құжаттары.

3 ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР – Қазақстан Республикасы;

ҒЖБМ – Ғылым және жоғары білім министрлігі;

АӨУ – Ақтөбе өңірлік университеті;

ПО құрамы – профессорлық-оқытушылық құрам.

4 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

4.1 Бағдарламаның мақсаты кәсіби қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгерген бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау.

4.2 Үштілді білім берудің мақсаты үштілді білім беруді дамытудың негізгі бағыттарын айқындау, Қазақстанның әлемдік білім беру кеңістігіне кіруін қамтамасыз ететін үздіксіз және сабақтас шет тілді білім берудің ұлттық деңгейлік моделін құру болып табылады.

4.3 Үштілді білім беру қағидаттары білім мен ғылымның негізгі қағидаттарына сәйкес құрылады және студент-түлектерді халықаралық еңбек нарығында интернационалдандыруға, табысты бейімдеуге бағытталады.

4.3.1 Пәнаралық қатынас. Оқыту сабақтас пәндердің оқытушыларымен ынтымақтастықта және осы пәнді баяндау және оқыту үшін қолжетімді тілде жүргізіледі.

4.3.2 Пәнаралық үйлестіру принципі әртүрлі пәндердің тақырыптарын олардың қайталануын болдырмау және білім алушының санасында қоршаған әлемнің объектілері мен құбылыстарын тұтас қабылдауды қалыптастыру мақсатында үйлестіруді көздейді. Нәтижесінде жалпы ғылыми пәндерді де, мамандық пәндерін де оқу барысында кәсіби қарым-қатынас саласында коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру үшін оңтайлы жағдайлар жасалады.

4.3.3 Оқытудың кәсіптік бағыттылығы (мамандықты есепке алу) қағидаты оқу жоспарының пәндері бойынша сабақтарда білім алушылардың болашақ мамандығы мен кәсіби қызығушылықтарын есепке алуды көздейді.

5 ҮШТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ БОЙЫНША ОҚУ ПРОЦЕСІН ЖОСПАРЛАУ ЖӘНЕ ҰЙЫМДАСТЫРУ

5.1 Бакалавриаттың білім беру бағдарламалары бойынша үштілді білім беруді іске асыру моделін әзірлеу.

5.2 Оқу процесінің оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуін жетілдіру, оның ішінде үштілді білім беруді жүзеге асыруды әдістемелік қамтамасыз ету.

5.3 Университетте үштілді білім беру бағдарламасы үш тілде: оқыту тілінде, екінші тілде және ағылшын тілінде білім беру қызметін жоспарлауды және ұйымдастыруды жүзеге асырады. Бұл ретте оқу пәндерінің 75% – оқыту тілінде (мемлекеттік немесе орыс), 10% - екінші тілде (тиісінше орыс немесе мемлекеттік) және 15% - ағылшын тілінде оқыту көзделеді.

5.4 Үштілді бағдарламалар бойынша білім алушыларды оқыту сапасына жыл сайын талдау жүргізу.

5.5 Үштілді білім беру бағдарламасы бойынша академиялық топтарға сабақ өткізу үшін шетелдік ғалымдарды оқу процесіне тарту.

5.6 Үштілді білім беруді жүзеге асыру арқылы білім алушылардың кәсіби құзыреттіліктерін дамыту үшін жағдайлар жасау.

5.7 Оқу-әдістемелік кешендерді, оқулықтарды әзірлеу және сатып алу.

5.8 Студенттер мен оқытушылардың тіл меңгеру деңгейлеріне сарптама жасау.

5.9 Оқулықтарды, оқу құралдарын соның ішінде электронды тасымалдағыштарда ағылшын тілінде дайындау және баспадан шығару,

5.10 Шет тілдерін оқыту саласында білім беру және ақпараттық технологияларды жетілдіру (ерте оқыту, қашықтықтан оқыту, арнайы мақсаттар үшін тілді оқыту және т.б.).

5.11 Үштілді білім беру бағдарламаларына шет тілінің деңгейлік курстарын енгізу.

5.12 Үш тілде білім беру жағдайында жұмыс істейтін мұғалімдерді даярлау үшін республиканың жоғары оқу орындарында оқытушылар құрамын қайта даярлаудан өткізу.

- 5.13 Тілдік курстарда ПОҚ біліктілігін арттыру.
- 5.14 Өндірістік практикадан өту үшін кәсіпорындарды іріктеу.
- 5.15 Үштілді орта қалыптастыру мақсатында университетті материалдық-техникалық жабдықтау.
- 5.16 Халықаралық ұйымдармен әріптестік байланыстар орнату.
- 5.17 Интернетте және қатты (қағаз түрінде) тасымалдағыштарда еркін қол жетімді цифрлық түсіндірмелі және кәдімгі сөздіктерді (қазақ-орыс, орыс-қазақ, қазақ-ағылшын, ағылшын-қазақ), оның ішінде терминологиялық сөздіктерді (информатика, физика, химия, биология, мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу және т.б.) әзірлеу.
- 5.18 Үш тілде білім беру тәжірибесін жақсарту мақсатында зерттеу нәтижелерін енгізу бойынша мониторинг жүргізу.

6 ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР

- 6.1 Осы Ереже Ғылыми кеңестің шешімі негізінде университет ректоры бекітеді және оған қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді.
- 6.2 Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу білім беру саласындағы заңнамалық актілерге, нормативтік құжаттарға және университетішілік ережелерге сәйкес жүргізіледі.
- 6.3 Өзгерген жағдайда университеттегі күші жойылған Ереженің барлық даналары алынып, жаңа ережелермен ауыстырылады.

КЕЛІСІЛДІ:

Академиялық мәселелер бойынша
Басқарма мүшесі-Проректор

Л.Н. Мясникова